

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 125 – 129

УДК: 811.161.1.

G.B. Alambayeva, E.O. Artykova, A.Zh. KaliyevaAl-Farabi KazNU
almabayeva.g@gmail.com**COGNITIVE THEORY OF METAPHOR**

Abstract. The article deals with the theory of metaphor. In language, a metaphor is defined as an indirect comparison between two or more seemingly unrelated subjects that typically uses “is a” to join the subjects. Metaphor is a figure of speech which makes an implicit, implied or hidden comparison between two things that are unrelated but share some common characteristics. In other words, a resemblance of two contradictory or different objects is made based on a single or some common characteristics. Metaphor brings forth the unique human ability to create and transmit ideas through the manipulation of language. As the tool of showing of conceptual picture of the world, metaphor is always based on the national mentality. Stylistic approaches to metaphor used to take metaphor as one of the most important rhetorical figures of speech which could characterize a particular style.

Key words: metaphor, semantics, concept, literary text.

ӨОЖ: 811.161.1.

Г.Б. Алмабаева, Е.О. Артыкова, А.Ж. КалиеваӘл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: almabayeva.g@gmail.com**МЕТАФОРАНЫҢ КОГНИТИВТІК ТЕОРИЯСЫ**

Аннотация. Мақала метафораның метафора теориясына, оның зерттелу бағыттарына арналады. Тіл білімінде көркем әдебиет тілін зерттеу – бірнеше ғылым түрлерінің басын біріктіретін күрделі, ерекшелігі мол сала. Мұнда әдебиет теориясы мен поэтикасына, тіл ғылымының әдеби тіл, стилистика тарамдарына, сондай-ақ эстетика, өнертану, психология ғылымдарына қатысты мәселелер тоғысып, бір-бірімен байланысып, қиысып жатады. Қай ғылым болсын, қалыптасу, даму кезеңін басынан жеңіл өткізбейтіні белгілі. Көркем әдебиет тілін зерттеудің біраз тәжірибелері жинақталып, айтарлықтай ғылыми табыстарға жетсе де, оларды жалпылап қорытатын кең көлемдегі теориялық тұжырымдаулар, қарқынды зерттеулер қажеттігі айқын. Соның салдарынан көркем әдебиет тілінің кейбір келелі мәселелері зерттеу аумағынан сырт қалып қойды, яғни қазақ тіл білімінде көркем әдебиет тілін зерттеудің қазіргі жағдайы, салыстырмалы тұрғыда көркем әдебиет стилистикасының жүйелі ғылыми-теориялық тұжырымдамасын жасау қажеттігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: метафора, семантика, таным, көркем мәтін.

Ұқсату мен балауға, адамның өмірден көрген-білгенін, түйгенін таразылауға мүмкіндік беретін бұл тілдік құбылыс лингвистикалық талдаулардың маңызды бөлігін құрайды. Ғалым Ә.Хасенов атап көрсеткендей, «Бұл жерде ұқсастық дегеннің ұғымы кең: заттар мен құбылыстар түр-түс жағынан ұқсас болып келуі мүмкін; көлемі, аумағы дәл бірдей болмаса да, әйтеуір бір формасы ұқсас болуы мүмкін; бір атаумен аталатын зат немесе құбылыстың бірі өмірде бар, нақты, ақиқат болуы, ал дәл сол атаумен беріліп, белгілі бір сөз тіркесі құрамында қолданылған екінші бір заттың өзі нақты болмауы мүмкін...» [1; 143-144]. Осыған орай, әдебиеттанушылар мен тіл мамандарының зерттеу нысанына айналған метафоралар мен метафоралану процесі бүгінгі күні әлеуметтік, психологиялық, танымдық, пәлсапалық прагматиканың бірлігі ретінде айқындалып сипатталып жүр, себебі ол адамның «...дүние танымына, содан алатын ой түйініне тікелей байланысты құбылыс» [2; 31] деп саналады. Бір объектіні екінші объектімен салыстыру, салыстыра ұқсату, сөйтін, бұрыннан таныс сөз мағынасына жаңа семантикалық кеңістік үстеу негізінде дүниеге келетін бұл

ұғымдар, бір жағынан, когнитивті лингвистиканың ментальды-танымдық нысанын құраса, екінші жағынан, лексикология мен семасиологияның бірлігі ретінде айқындалады, себебі А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, метафораларды жасауға қатысатын мағыналық бірліктер «Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ» [3; 154] фактілерден жинақталады. Олай болса, «тіл көрнекілігінің» негізін құрайтын әдістер жіктелесі де, ғалымның пайымдауына, сол бейнелі қабылдаудың көрсеткішін құрай отырып, объективті дүниенің субъективті көрінісін дәйектеуге, зейін мен жады арқылы әлемдік бейне суреттерін айқындауға мүмкіндік береді. Демек, «Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтатындықтан» [3; 210], сөз мағынасын ауыстыра, оған өзгеше «бернелі» ренк бере қолдану астарында қиял мен «түйіске» негізделген таным, «меңзеуге» құрылған зерде жататыны сөзсіз, сондықтан «...адамның ойына өң бере, көңіліне күй түсіре» [3; 211] баяндалатын «көріктеу, меңзеу, әсерлеу» формаларының әрқайсысы «қалыпты түрдегі» сөз қолданыстан ерекшеленіп, адам танымының айрықша түрін сұрыптауға бағытталады. «Көркейтудің жалпы сипатты жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, я нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айтумен болу», «...белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсету», «сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсау, арасында түк ұқсастық жоқ, екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас гамалды екіншісіне ауыстырып айту» [3; 155-157] сияқты қызметтерді арқалаған бұл тілдік құралдар, шын мәнінде, «тіл танытқыш» [3; 149] сипатқа ие болып, қоршаған әлемнің антропологиялық, диалектикалық ұстанымдарын когнитивті негізде талдап түсіндіруге себепкер болып отыр. Адам табиғатын оның сөйлеу, ойлау, тану әрекеттерімен байланыстырған галым сөз мағыналарын ауыстыра қолданудың бастамасын оның жалпы жаратылысындағы тарихи дамуымен өлшеуге тырысқан. «Адам анайы шағында бала сияқты жанды, жансыз нәрсені айырмаған. Жандысы да, жансызы да бірдей өмір сүретін сияқты көрінген... Табиғаттан ұзап кеткен жері болмаған соң, адамның өзі де табиғатпен қатар, табиғатпен жалған, сабақтас, өзектес сияқты күйде өмір шеккен, жансыз нәрселерді жанды деп таныған» [3; 230], сондықтан «бернемен сөйлеудің» [3; 161] «астарын да, өң жағын да, астыртын мағынасын да, лебіз мағынасын да» [3; 162] барлығын дерлік қамтыған тілші талдаулары адамның «ішкі және тысқы галамына» сүйене ұсынылған. Сөйтіп, сөз мағынасын ауыстырып қолдану кез келген адамнан үлкен шеберлікті, қиялға негізделген таным мен образды қабылдауды қажет ететіндіктен, бұл жағдайда «...пікір сурет түрінде шығатын, яғни сұлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпат тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығатын» [3; 221] танымдық болмыстың тілдік бейнесін құрайды.

Көрнекті ғалым С.Аманжоловтың зерттеулерінде орындалған осы сынды тілтанымдық бірліктер те адам әрекетінің табиғатын зерделеуге негізделі отырып, образды ойлаудың, ерекше пайыммен қоршаған әлемді, оның құрамды бөліктерін танудың үлгісіне айналып отыр. «Европаның үлгілі ақын-жазушылары әрбір геройдың тұрмыс, салт-сана, әдет-ғұрпымен байланысты сөздерді бекерге жинамайды. Кейде сол сөздердің өзі асыл ойларға жол салып береді, ұмытқанын есіне салады. Екінші сөзбен айтқанда, тілге байлық жазушының дүние тануының кеңдігін, төрт аяғы тағалы мұзға салған жорғадай, ойының алды жазық, шарықтағыш тапқырлығын көрсетеді. Дүниетануы кең адам, әрине, алдымен тарихқа қанық, бұрынғы-соңғыны білетін болуы керек...» [4; 158] деген бейнелі сипаттама негізінде авторлық танымның, субъективті қабылдаудың, өзіндік құндылықтардың өлшемдері көрініс тауып қана қойған жоқ, сонымен қатар оның өмірлік тәжірибесінің, жеке тұлғалық концептуалды жүйесінің және санасында орныққан этнокогнитивті ұғымдар мен ұқсатулар тізбегінің әсері анық байқалды. Когнитивтік терминдер сөздігіндегі: «Жалпы алғанда, метафора бір объектінің екінші объект арқылы көрінуі, соның негізінде білімнің тілдік пішіннің көмегімен ұсынылуы болып табылады. Демек, метафора жекеленген байланыссыз объектілерге емес, күрделі ментальды кеңістіктерге (сезімтал немесе әлеуметтік тәжірибелерге негізделген салаларға) қатысы бар құбылыс деп танылады» [5; 28], бұл амалдар адам танымының образды қабылдауын сипаттайтын құрал болып табылады.

«Сөздің мағыналық жағынан дамуына сыртқы себептер де, ішкі себептер де әсер етеді. Әсіресе, сөздің мағынасының өзгеруіне сыртқы себептер көбірек ықпал жасайтын сияқты» [6; 203], - деп есептеген ғалым Ә.Болғанбаев метафоралардың үш түріне сипаттама берген болатын. Олар: 1) жеке қолданыстағы метафоралар; 2) тұрақты метафоралар; 3) тілдік [сөздік] метафоралар. Бұл ретте тілші сөздің тура мағынасын «заттың қоғамдық түсінігі» деп, ал ауыспалы мағынасын «жекелік (өзіндік)» сипаты тұрғысынан зерделей келе, метафоралық мағыналарда басшылыққа алынатын жанды-жансыз, деректі-дерексіз, нақты-жалпы заттар арақатынасын өзектеді, әсіресе жеке метафоралар табиғатына аталған ұғымдар сәйкестігі негізінде назар аударды. Келесі тұрақты метафораларды автор «жалпы халыққа таныстығымен» айқындады. «Ақын-жазушылардың ойы адамның күнделікті өмірден көріп біліп жүрген заттарымен байланысып тұрса, шығарманың тілі соншалықты тартымды болмақ. Өмірдегі затқа тән өзгешелікпен салыстырып айту арқылы ойды естен кетпестей түсінікті етіп жеткізуге болады» [6; 209] деген тұжырымның көмегімен ғалым адамның ішкі дүниесін сыртқы әсерлермен тоғыстыра отырып, тілтанымдық бірліктердің баршаға ортақ заңдылықтарын, яғни универсалды сипатын айғақтады, сондықтан да оларды «барлық жұрттың игілігіне

айналған» құбылыс ретінде сипаттап берді. Тілдік метафораны зерттеуші «бейнелі емес, жай қарапайым түрде кездесетін» мағына тұрғысынан бөліп қарастырды, сол себепті ол «дүниедегі заттардың, құбылыстар мен қимылдардың сыртқы құрылысына, түсі мен сапасына бір-бірін өз ара ұқсатудан пайда болатын» әрі кейде «метафора екендігі аңғарылмай» қалатын «дәстүрлі метафора» болып дәйектелді. Мысалы: Бір ауыз өлең шығара білмеген қазақ қазақ емес (сөйлеу тілінен). Есіктің көзіне отырма (сөйлеу тілінен). Жүргенім ойнап-күліп сенің арқан (халық өлеңі) және т.б. [6; 212-213].

«Сөз мағынасының ауысуын» немесе «метафоралануды» тілдік талдауларына арқау еткен, оны «шығарманың идеялық мазмұнының көрінісі» [7; 21],- деп сипаттаған Р.Сыздық зерттеулерінің көлемді бөлігі «сөз-образ», «поэтикалық образ», «образдар галереясы», «сөз құбылту», «сөз-символ», «метафоралық образ» т.б. сияқты ұғымдарды анықтауға, олардың қолданылу шеңберін сұрыптауға бағытталған. Осыған орай, «...ақынның сөз кестесін: көріктеу құралдары мен көркемдеу тәсілдерін танып-танытуды» [7; 13] мақсат еткен автор метафоралану процесін ақындық танымның, оның ұқсату тәсілінің өзегі ете отырып, поэзияны «сөздің бар қабілетін ашатын, сөз мағынасының небір нәзік қырларын көрсететін майдан» [7; 23] тұрғысынан зерделейді. Өлең сөздің құдіретін, эмоционалды-психологиялық мүмкіндігін, бейнелі-танымдық сипатын жоғары бағалаған тілшінің ой-тұжырымдары Абайдың «әсемдік әлемін», көркейту құралдарын, мағыналық ауысуларын пайымдап түсіндіруге негізделген. Автор образды «көріктеу элементі» деумен қатар, оны «дүние тану» кілті ретінде қарастыру қажеттігіне мән береді. Сөйтіп, мағынасы ауысқан сөздердің екі жақты қызметін дәйектеу арқылы ғалым тілдік құралдардың экстратанымдық қабілеттерін айғақтау мүмкіндігіне ие болды. Біріншіден, «қолданыстағы мағыналық ерекшеліктер» «жазушының не ақынның осы сөз арқылы қандай идеяны (ойды) айтпақ болғанын» айқындайтын құрал деп; екіншіден, бұл «мағыналық обертондар» (музыка термині болып саналатын обертон сөзі дауыстың негізгі әуеніне белгілі бір реңк, темб бояуын үстейтін қосымша тон-үн) «оқырманның ол сөздің мағынасын қандай деп қабылдайтынын көрсетер» [7; 23] бастаулар ретінде айқындалатынын ескерткен тілші метафоралану процесіне қатысатын әрі оның маңызды бөлігін құрайтын ұғымдық бірліктерге, олардың өзара сабақтасу заңдылықтарына тоқталады. Сөз мағынасының ауысуы кездейсоқ жүзеге асатын құбылыс емес, ол объективті және субъективті факторлардың ұштасуынан туындайтын танымдық элемент болып табылатындықтан, оның астарында сатылы да жүйелі қабылдаудың, ойлап пайымдаудың әрі ерекше зейін қойып бағдарлаудың көріністері тұтастық тапқан. Демек, ой мен таным, зерде мен ақыл, тәжірибе мен білім, жады мен сана секілді бірліктердің қызметіне сүйенген «сөз құбылту» әрекеті, шын мәнінде, «эмоциялық-бағалаушылық қызметте жұмсалатын» [7; 24] құрылымдар тізбегінен, «тақырыптық өріс арқылы туатын идеядан» және жеке тұлғалардың «бейнесін сомдар» сөз-образдардан [7; 21] бастау алады. Мысалы, зерттеуші З.Ахметовтің пікірін қолдай отырып, Р.Сыздық «Абай өлеңдеріндегі жол, жартас, жүрек, соқпақ сияқты сөздерді метафораланып жұмсалған сөз-образдар» [7; 23],- деп талдау қажеттігін атайды. Осы орайда, «рухани дүние» тобының құрамды бөліктері қатарында тілші «ойшыл [адам], жан [адам], татулық, адамдық...көңілдің кешуі, өкпе сызы, жүрек жігі, көңіл жүгі...» сынды сөздерді атай отырып, оларды «толғанған ақын» бейнесін сомдаған құралдар деп сипаттайды. «Сөз мағыналарын ауыстырып, метафоралап, одан барып номинативтік атауды суреттеме атаумен алмастыру» [7; 118] үрдісін образ жасаудың өзгеше амалы деп қарастырған тілші «сөз құбылту» кезінде байқалатын дәстүр мен жаңашылдық үрдістерін танымның екі жақты мақсатымен айғақтайды. Біріншіден, танымдық әрекеттің негізінде пайда болған тілдік бірліктер объективті шындықтан бастау ала отырып, «жалпыхалықтық бейнелілікке» немесе «ұжымдық мүлікке» айналады, яғни, ғалым атап көрсеткендей, «олар қолданыла-қолданыла келе жалпақ жұрттың меншігін» [7; 121] құрайды. Бұл жағдайда тілтаным нәтижелері ғасырлар бойы сақталып келген қазынаның, ұрпақтан ұрпаққа берілер халықтық мұраның көзі ретінде танылады. Екіншіден, тіл де, таным да динамикалық қозғалыстың, үздіксіз дамудың негізінде толығып отыратындықтан, олар субъективті қабылдаудың да арнасынан сусындайды, сөйтіп, «көркем сөздегі образдар жеке қалам иелерінің табысына» айналып, жекеленген тұлғалардың зерделеу, пайымдау, ойлау мүдделерін дәйектейді. Демек, сөз мағынасының ауысуы да, ең алдымен, адамның көрген, білген, түйген ой қорытындыларының, тәжірибе нәтижелерінің, жадыда орныққан құндылықтарының айқын көрсеткіші болып табылады.

Сөз мағынасының алуан түрлі реңктері мен қолданыстағы ерекшеліктерін зерттеу нысанына айналдырған М.Оразов «Эмоциялық-экспрессивтік мағынаны берудегі өнімді жолдың бірі – сөздердің метафоралық қолданылуы» [8; 119], - деп атап көрсетті. Әрине, барлығы болмаса да, бірегейі метафоралық мағынада жұмсалатын бұл эмоциялық бірліктерді ғалым он топқа бөліп талдаған. Айталық, «1. Құс атаулары метафоралық мағынада қолданылып, жағымды не жағымсыз мағынаны білдіреді: лашын, қаршыға, сұңқар...; қарға, тоты...т.б. 2. Төрт түлік атауларынан қозы, лақ, бота, құлын сияқты төл атаулары жағымды эмоцияны білдіру үшін қолданылса, үй жануарларының үлкендерінің атауларынан азбан, есек, өгіз, теке, ешкі сияқтылары жағымсыз эмоцияны білдіру үшін жұмсалады...» [8; 120-121] деген жіктеме негізінде тілші адамдардың ұқсату, салыстыру, бағалау қабілеттерін танымдық зерделеудің өзегіне айналдырды, сол арқылы өмірден алынған заттар мен құбылыстарды адамдардың жеке өлшем таразысынан өткізе отырып, тілдік

құралдарды адам сезіміне әсер етер амалдар ретінде қарастырды, себебі «...кез келген метафоралы тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттың таным білімі байқалады... Құбылыстар мен жағдайлар арасындағы ұқсастық, оның тіл көрінісіндегі мүлдем жаңа образбен астарлануы қашан да сана төңкерісінің маңынан табылуы керек» [9; 154] деп есептелінді.

Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Тілдің дәстүрлі теориясында метафора ойдың емес, тілдің ғана құбылысы деп танылып келді. Коғнитивистер алғашқылар қатарында метафораның әлемдік бейнені танудағы, оның концептуалды сипатын айқындаудағы қызметін сұрыптаған ғалымдар қатарында М.Реддидің есімін атаған орынды деп есептейді. Аталмыш зерттеуден бастап метафораның зерттелу аясы кеңейіп, адамның ұқсату әрекеті тек салыстыру мақсатында ғана емес, әсер ету, шынайы болмысты өзгеше қабылдау бағытында да ұғынылды деп көрсетіледі. Осы орайда, бүгінгі күні метафора танымдық құрылғы ретінде ғана емес, абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін құрал есебінде қарастырылып, қоршаған әлемді танудың, ол туралы тұжырымдаудың нақты көрінісі, амал-тәсілі тұрғысынан сипатталып отыр [10; 46], сондықтан тілшілер коғнитивтік метафораның шығу тегін адамдардың әртүрлі тұлғалар мен объектілер арасындағы ұқсастықтарды құрастыра білу қабілетінен өрбітеді. Бұл ұғым бір объектінің екінші объект арқылы сипатталуымен ерекшеленетіндіктен, ғалымдар оны жекеленген құбылыстар табиғатынан гөрі күрделі ой кеңістігіне сәйкестендіре зерделейді, олар танымдық үдерісте орын алатын ой-қорытындылар метафора арқылы бір-бірімен байланысқа түсе келе, нақты және абстрактылы бірліктердің үйлесу заңдылықтарын саралауға септігін тигізеді деп пайымдайды. Демек, ойлау жүйесіне құрылған метафораның танымдық қызметін өзектеумен қатар, қазіргі тіл ғылымында оны «абстрактылы тұжырымдарды саналы түрде қабылдаудың тәсілі, абстрактылы ойлауға мүмкіндік беретін механизм ретінде» [11; 249] қарастыру керектігіне өзгеше мән берілуде, сол себепті Дж.Лакофф пен М.Джонсонның авторлық бірігуімен дүниеге келген еңбекте «Адам ойлайтын, әрекет ететін жүйе табиғатынан метафоралық күйде болатындықтан, метафоралық таным адамның күнделікті өмірінде тек тілге ғана емес, оның ойы мен әрекетіне де әсер етін, толығымен кірігіп кеткен» [12; 3] делінген. Осы мақсатта ғалымдар метафораның келесі түрлерін бөліп көрсеткен:

- онтологиялық метафора – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы. Коғнитивті терминдер сөздігінде оған «абстрактылы ұғымдардың кеңістіктегі шекарасын анықтау» [5; 56] деген анықтама берілген;

- бағдарлы метафора – бір-біріне қатысты дәрежеде ғана айқындалатын әрі кеңістіктегі бағдарға негізделген тұжырымдар жүйесі, мұнда «жоғары-төмен, іші-сырты, терең-таяз, орталық-шеткі» секілді қарсылықты ұғымдар қолданылады. Айталық, ағылшын тілінде жақсы атаулының барлығы жоғары деңгейдегі көрсеткішті құрайды – денсаулық, бақыт, сана; ал оның қарсы мағыналары төменгі деңгеймен өлшенеді – ауру, бақытсыздық, жамандық т.б.;

- концептуалдық метафора – ерекше хабарлы құрылымды құрайтын, білім туралы мәлімет беруге, оның жадыдағы көрінісін сұрыптауға мүмкіндік беретін амалдардың бірі.

Қорыта келе, метафоралар әлем туралы тұжырымдауға көмектесе отырып, әртүрлі құбылыстар мен заттар арасындағы ұқсастықтарды дәйектеуге, соның негізінде жиналған білім мен тәжірибені бір саладан екінші салаға ауыстыра қолдана білуге мүмкіндік береді, сондықтан оның табиғатын ғалымдар «коғнитивтік санадағы логикалық операциялардың динамикалық көрінісі, ой тудыру моделі» деген анықтама негізінде түсіндіре талдады. Метафоралану процесі адамның бойындағы образды ойлауға, оның шығармашылық қабілетіне тікелей қатысты болғандықтан, адам бейтаныс әлемді қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар нақты және абстрактылы объектілер арасындағы ортақтық белгілерді есепке ала отырып, әр алуан сезім мүшелері арқылы заттарды танып айқындау мүмкіндігіне де ие болады. Демек, метафоралану кездейсоқ жүзеге асатын үдеріс емес, ол белгілі бір объективті және субъективті заңдылықтар мен факторларға бағынған өзгешелік болып табылады, яғни, ол өзіне қажет материал мен дереккөздерін көпшілікке танымал салалардан алады, сол арқылы оның өз ұстанымдары мен қағидалары қалыптасады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім – Алматы: Қазақ университеті, 2003. 101 б.
- [2] Сыздықова Р. Сөз құдіреті – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
- [3] Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер – Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.
- [4] Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
- [5] Краткий словарь когнитивных терминов // Под общей редакцией Е.С.Кубряковой. – М., 1996 – 245 с.
- [6] Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер – Алматы: Ғылым, 1970. – 335 б.
- [7] Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
- [8] Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы – Алматы: Рауан, 1991. – 211 б.
- [9] Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

- [10]Ивина Л.В. Лингво-когнитивные основы анализа отраслевых терминосистем – М.: Академический проект, 2003 – 304 с.
- [11]Lakoff G. The contemporary theory of metaphor // Metaphor and thought. Second edition. / Ed-d by Ortony A. – N.Y. Cambridge University Press, 1993. – P.202-251.
- [12]Lakoff G., Johnson M. Metaphor We Live By – Chicago.University of Chicago Press, 1980. – 242 p.
- [13]Murphy G.On metaphorical representation // Cognition 60. – 1996. – P. 173-204.
- [14]Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша) // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2006. – 30 б.

REFERENCES

- [1] Saғындықұлы В. Қазіргі қазақ тили. Leksikologija. I-belim – Алматы: Қазақ университети, 2003. – 101 б.
- [2] Syzdykova R. Sөz қүdireti – Алматы: Sanat, 1997. – 224 б.
- [3] Bajtyrsynov A. Shyғarmalary. Өleңder, audarmalar, zertteuler – Алматы: Zhazushy, 1989.- 320 б.
- [4] Amanzholov S. Қазақ тили теорijasynуң negizderi – Алматы: Fylym, 2002.– 368 б.
- [5] Kratkij slovar' kognitivnyh terminov // Pod obshhej redakciej E.S.Kubrjakovoj. – M., 1996 – 245 s.
- [6] Bolranbaev Ә. Қазақ тилиндегі sinonimder – Алматы: Fylym, 1970. – 335 б.
- [7] Syzdyқ R. Abajдың sөz өrneгі – Алматы: Arys, 2004. – 208 б.
- [8] Orazov M. Қазақ тилинің semantikasy – Алматы: Rauan, 1991. – 211 б.
- [9] Смағұлова G. Мағynalas frazeologizmderдің ұлттық-мәдени aspektileri – Алматы: Fylym, 1998. – 196 б.
- [10]Ивина Л.В. Лингво-когнитивные основы анализа отраслевых терминосистем – М.: Академический проект, 2003 – 304 с.
- [11]Lakoff G. The contemporary theory of metaphor // Metaphor and thought. Second edition. / Ed-d by Ortony A. – N.Y. Cambridge University Press, 1993. – P.202-251.
- [12]Lakoff G., Johnson M. Metaphor We Live By – Chicago.University of Chicago Press, 1980. – 242 p.
- [13]Murphy G.On metaphorical representation // Cognition 60. – 1996. – P. 173-204.
- [14]Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың роjetikalық мәтіндегі verbalдану ерекшелігі (М.Мақатаев pojezijasy bojynsha) // Filologija ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация avtoreferaty. – Алматы, 2006. – 30 б.

Г.Б. Алмабаева, Е.О. Артыкова, А.Ж. Калиева

КазНУ имени аль-Фараби

КОГНИТИВНАЯ ТЕОРИЯ МЕТАФОРЫ

Аннотация. Статья посвящена теории метафоры. Метафора является инструментом мышления и познания мира, она отражает фундаментальные культурные ценности, так как основана на национально-культурном мировидении. Метафора выступает как средство создания образности речи и конструирования новых смыслов, отражая реальный мир в непривычных, неожиданных сочетаниях и связях. Языковая метафора, несмотря на исчисляющуюся тысячелетиями историю своего исследования, по-прежнему представляет большой интерес для лингвистов, ибо она является весьма продуктивным элементом развития и обогащения языка. В когнитивных процессах сложные непосредственно ненаблюдаемые мыслительные пространства соотносятся через метафору с более простыми, хорошо знакомыми мыслительными пространствами. Целый ряд универсальных объяснительных схем отражается в когнитивных метафорах. Результаты многочисленных исследований дают основания когнитологам считать, что метафора является одним из основных средств порождения нового знания.

Ключевые слова: метафора, познание, семантика, художественный текст.